

Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды. журналистика факультеті
«Парасатты еңбек етуші әйелдер одағы» ҚБ

Қоғамдық ұйымдардың қызметін
жариялаудағы БАҚ-тың рөлі

Алматы
2011

*Подписано в печать 18.01.2010 г. Тираж 1000 экз.
Формат изд. 60x84/16. Объем 7,25 усл. печ. л.
Отпечатано в типографии "ИП Волкова А.В."
Райымбека 212/1, оф. 319. Тел.: 330-03-12, 330-03-13*

Райымбеков Д.Е Жастарға өнегелі жол ашқан ғылым ордасы	45
Сыдықова Д.О Азаматтық қоғам және БАҚ: таразы басында өлеуметтік жауапкершілік	49
Ахметова Л.С., Баранова Д.С., Веровкин А.В., Лифанова Т.Ю. Ақпараттық кеңістіктің анализі	51
Кириница Ю. (Вечерний Алматы) ҮЕҰ қайда барады	66
Кириница Ю. (Аргументы и факты-Казахстан) «Қожайын мені сүйікті әйелі қылып тағайындады» Кеңес кинофильміндегі осы әйгілі фраза бүгінгі таңдағы мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді	69
Жақсылықбаева Р.С Журналист әдебіндегі өлеуметтік жауапкершілік	75
Сұлтанбаева Г.С Бүгінгі қазақ қоғамы: медиамәдениеттің саяси трендтері	79
Сайын Шаймерден Ұлттық идея жаршысы	84
Лифанова Т.Ю БАҚ-тың өлеуметтік жауапкершілігінің теориялық және әдістемелік мәселелерінің қалыптасуы	92
Бекболатұлы Ж., Әзімшайық Е. Ел брендингі: стратегия мен тактика	102
Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы, «Парасатты еңбек етуші әйелдер одағы» қоғамдық бірлестігінің шығармашылық есебі	109

Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультеті
«Парасатты еңбек етуші әйелдер одағы» ҚБ

**Қоғамдық ұйымдардың қызметін
жариялаудағы БАҚ-тың рөлі**

Алматы
2011

бұқараға жеткізудегі ақпараттық-коммуникативтік алаңға айналып отыр [2].

Ал 2003 жылы қазан айында негізі қаланған, Жаңа саясат халықаралық институты бүгінде еруазиялық кеңістіктегі қоғамдық модернизация процестерін сараптауда, мүдделі топтар арасындағы ақпараттық алмасуға ықпал етуде, қоғамдық басқарудың стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешу әдісі бойынша практикалық кепілдемелер ұсынууда, сондай-ақ, ең бастысы, билік пен қоғам арасындағы сенімді байланыстардың орнауына ықпал етіп отыр [3].

Қоғамның саяси өміріндегі ақпараттық қарым-қатынастарды ұйымдастыратын құрылымдардың қатарында мемлекеттік (ұлттық), тәуелсіз және оппозициялық бұқаралық ақпарат құралдары жатады. Қазақстандық БАҚ нарығында бүгінде ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігінің мәліметі көрсеткендей, 2006 жылдың 7 сәуіріндегі жағдай бойынша 7092 бұқаралық ақпарат құралдары, соның 212 электрондық БАҚ тіркелген. Ал шет мемлекеттердің 2392 бұқаралық ақпарат құралдары еліміздің ақпарат кеңістігіне таратылады [4]. «ИнфоЦентр» Интернет желісінде адрестік кеңістікті бөлу жөніндегі ақпараттық қордың ресми мәліметі бойынша KZ доменінде 2008 жылдың желтоқсан айының соңында 32 000 домен аты тіркелді [5].

Қазіргі уақытта елімізде «Қазақстан», «Хабар», «Ел арна», «Евразия – Бірінші арнасы», «КТК», «НТК», «31 арна», «Астана», «Алматы» сияқты телеарналар мен тұңғыш «СaspioNet» ұлттық спутниктік арнасы Еуропа, Орталық Азия, Орта Шығыс елдерінің аумағында және Африканың солтүстік бөлігінде таралып отырған аудиториясы ауқымды электрондық БАҚ қатарында.

«Қазақстан» ұлттық арнасы мен «Хабар» арнасы мемлекеттік саяси ақпараттарды тарату мен қоғам өміріндегі саяси оқиғаларға комментарий беруде басты ақпарат құралдары саналады. Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындауда «Қазақстан» республикалық телеарнасының эфирінде жексенбіден басқа күндері бір сағат көлемде аймақтық филиалдар жүзеге асырады.

Билік саясатын бұқараға жеткізу мен таратуда радиостанциялардың қатарында «Қазақстан» Республикалық телерадио компаниясының қарамағындағы «Қазақ радиосының», «Хабар» агенттігі құрамындағы «Хит-ФМ – Хабар» радиосы алатын орны ерекше. Масс-медиа нарығында «31» медихолдингіне қарасты «31 радио», астаналық «Эра» радиосы, сондай-ақ «Авторадио», «Ев-

ропа плюс Қазақстан», «Русское Радио Азия», «Радио НС» сияқты ресейлік радиостанциялардың қазақстандық бөлімшелері бар.

Отандық масс-медиа нарығында соңғы жылдары БАҚ қорларын шоғырландыру мен үйлестіру процесі қарқынды дамып отыр. Медиа-нарықтағы ірі өзгеріс – «НұрОтан» халықтық демократиялық партиясының бастамасымен 2008 жылы 24 қарашада құрылған «НұрМедиа» медиахолдингі. «НұрМедиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Страна и мир», «Дала мен қала» қазақстандық қоғамдық-саяси апталық басылымдары, күнделікті жарық көретін «Айқын», «Литер» республикалық қоғамдық-саяси газеттері, «НұрАстана» апталық қалалық басылым, «Известия-Казахстан» жалпыұлттық халықаралық күнделікті басылым, «Қазақстан теміржолшысы» корпоративтік газеті, «Астана» арнасы, республикалық «NS» радиосы, FM диапазонындағы «Деловая волна» радиосы сияқты электрондық және мерзімді басылымдар кіреді. Аталған БАҚ-ресурстары қазақстандық бұқаралық ақпарат нарығында оқырманы мен көрермені, тұрақты аудиториясы қалыптасқан аса танымал. Қазақстан қоғамындағы саяси, экономикалық және мәдени жаңалықтарды шынайы да объективті жариялау, ел дамуына бағытталған әлеуметтік жобаларға қатысу – «НұрМедиа» холдингінің приоритетті міндетіне жатады [6].

Ақпараттық кеңістіктің маңызды қатысушыларының бір саласы – ақпараттық агенттіктер. «Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат) Ұлттық компаниясы» АҚ жетекші агенттік саналады. ҚР Президентінің Әкімшілігі, Үкімет, Мәжіліс, биліктің өңірлік органдары, ұлттық қаржы және өнеркәсіптік құрылымдар секілді мемлекеттік құрылымдардың қызметі туралы толық және нақты ақпараттар лентасын күнделікті сағат сайын жариялап отыру «Қазақпарат» Ұлттық компаниясының басты мақсаты. On-line тәртібіндегі қазақстандық және әлемдік жаңалықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жедел, объективтік және эксклюзивтік таспасы ақпараттық кеңістіктегі ең сенімді де басты дереккөзі екендігі даусыз [7]. Сонымен қатар, еліміздегі «Астана дауысы», «Интерфакс-Казахстан», «Казахстан Сегодня», «Казахское телеграфное агентство КазТАГ», «Новости-Казахстан» сияқты агенттіктері де ақпарат нарығына бәсекелес орта қалыптастыруда.

Бұқарамен байланыс орнатуда белсенді саналатын топтар қатарында корпоративтік саяси ұйымдар мен топтардың (партия органдары, қоғамдық ұйымдар, кәсіби саяси клубтар т.б.) бо-

Оны әлеуметтік тапсырыс дейді. Сол әлеуметтік тапсырысты алу үшін үкіметтік емес ұйымдар бәйгеге түсіп, құжаттарын тапсырып грант ұтып алып жатады.

Бүгінгі біздің өткізіліп жатқан жиналысымызда, грант бойынша мемлекеттен бөлінген қаражат. Мемлекет бөліп жатқан ақша. Ал ол кімнің ақшасы? деген заңды сұрақ туындайды. Үкіметтің ақшасы яғни халықтың ақшасы. Сондықтан, грант аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар сол қаражаттың құнын өтей ме? Грант бойынша өткізілген іс-шараға да біздер жауап беруіміз керек. Өткізіліп жатқан іс-шараның сапасына да біздер жауаптымыз. Журналисттер үкімет тарапынан ҰЕҰ қанша қаражат бөлініп жатқаны туралы хабарсыз. Өйткені біздің қоғамда ашықтық, жариялылық жоқ. Журналист билік пен халық арасындағы байланыстырушы функциясын атқаратынын ескерсек, жариялылықтың болмауы қазіргі таңда азаматтық қоғамның әліде мешеулеп дамып келе жатқандығын көрсетеді. Азаматтық негізі мықты қоғамда, сұрауда бар, жариялылық та бар.

Менің негізгі мамандығым дәрігер. Осыдан үш жыл бұрын азаматтық концепция бойынша, үкіметтік емес ұйым болып саналатын, «Аман-саулық» қоғамдық қорын аштым. 2006 жылы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы халыққа жолдауында ел алдында, үкімет алдында үлкен бір мақсат қойды. Яғни дамыған 50 мемлекеттің қатарына кіру. Сапалы өмір дамыған мемлекеттерде адам өмірінің ұзақ жасауы, экология, жұмыспен қамтамасыз ету, білім беру сынды көрсеткіштермен өлшенеді екен. Біздің еліміз осы көрсеткіштер бойынша, 182 мемлекеттің ішінде былтыр 82 орныда болсақ, биылғы жылы 5 орындай төмен түсіп қалдық. Сапалы өмірді әлеуметтік стандарт бойынша өлшейміз. Осы «Аман-саулық» қорын бір топ әлеуметтік салада, медицина саласында қызмет істеген бір топ мамандар бірлесіп аштық.

Мемлекет тарапынан бөлінетін көмек қолжетерлік болуы керек. Барлық адамның құқығы бірдей. Аталмыш қор осы салада жұмыс істеп келе жатыр. Мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, бағдарламалар қабылданып жатыр. Бірақ халықтың наразылығы да толастамай отыр. Бағдарламалар өте жақсы, жоғары деңгейде жазылған. Ал халық мүддесінен неге шыға алмай отыр. Мемлекеттік бағдарламаларды өңдеген министрлік болсын, мемлекеттік аппараттар болсын халықтың әлеуметтік жағдайы қандай? Қандай көмек қажет? Жұмыс істеу механизмі қандай? Халық тарапынан сұраныс болу керек. Сол сұранысқа орайластырып бағдарламалар қабылдану қажет. Бұл жерде журналисттердің атқаратын қызметі өте үлкен.

Мысалы, бағдарламаларды БАҚ арқылы халыққа жариялап, пікірін білетін болса, онда мүлдем басқаша болар еді. Міне бүгінгі таңдағы журналисттердің атқаратын функциясы осы.

*Сұлтанбаева Г.С.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,*

БАҚ – мемлекеттік және азаматтық сектор үндесетін алаң ретінде

Азаматтық сектордың дамуы бұқаралық ақпараттық-коммуникативтік процестердің белсенді дамуымен тікелей байланысты. Ақпараттық қарым-қатынастарды ұйымдастыруда алдымен қоғамдық пікірмен байланыс орнататын арнайы дайындалған саяси агенттер әрекет етеді. Бұл қызметтің қатарында мемлекеттің арнайы ресми институттары (олардың көсемдері мен жетекшілері, сондай-ақ қоғаммен байланыс жөніндегі ақпараттық бөлімдер) жатады.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдайтын Жолдаулары, Үндеулері мен ресми хабарламаларын, сондай-ақ ҚР Парламенті мен Үкіметінің баспасөз-қызметтерінің бұқараға арнап дайындайтын БАҚ-қа ұсынатын ресми мәлімдемелерін атауға болады [1].

Мұндай құрылымдарға Қазақстандағы 1993 жылы 13 маусымда ҚР Президентінің ресми жарлығымен құрылған Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты мен Жаңа саясат халықаралық институтын, ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі және министрліктер мен өкімдіктердегі бұқарамен байланыс бөлімдерін атауға болады.

ҚСЗИ негізгі мақсаты ҚР Президентінің қызметін ғылыми талдаулармен қамтамасыз ету. Институт қазіргі күнде еліміздің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық проблемаларын зерттейтін бірден бір ғылыми орталық болып отыр. Институт мамандары мемлекеттік саяси ақпараттарды дер кезінде бұқара жеткізу мен оларға сараптамалық түсініктемелер беру, сондай-ақ экономика, қауіпсіздік, қоғам, тарих, мәдениет салаларындағы сараптамалық көзқарастар мен пікірлер әзірлеу және бұқаралық ақпарат құралдарына тарату. Институтта саясаттанушы, тарихшы, экономист, социолог сияқты кәсіби мамандардан құралған ғалымдар тобы жұмыс істей отырып, мемлекеттің саяси бағыттары мен ұстанымдарын талдау мен

луы ақпараттық-коммуникативтік құрылымдардың келесі санатын айқындап береді.

Қазақстандық электронды үкімет мәліметтеріне сүйенсек, саяси партиялар қатарында «НұрОтан» Халықтық демократиялық партиясы, «Азат» Қазақстан демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы, Қазақстан халықтық коммунистік партиясы, Жалпыхалықтық социал-демократиялық партия, «Ауыл» Қазақстандық социал-демократиялық партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы, Қазақстан патриоттар партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы аталады. Еліміздегі саяси қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар қатарында «Желтоқсан», «Азат», «Шаңырақ», «Қазақстан 2012», Қазақстанның социалистік қарсыластық азаматтық қозғалыстары, Қазақстанның жас кәсібилер қоғамы, т.б. бар. Жалпы алғанда, ҚР Әділет министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда 87 қозғалыс ресми тіркелген [8].

Сонымен қатар, Этносаяси және гуманитарлық зерттеулер қоғамдық қоры сияқты тәуелсіз сараптаулар жүргізіп, ғылыми жиындар өткізетін ғылыми-ақпараттық орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарын, «Политон», «Темірқазық», «Рух пен тіл» жастар клубы т.б. саяси пікірсайыс клубтарын атауға болады. ҚР Міне, осы аталған партиялар, қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен клубтар еліміздегі билік пен саяси институттар, билік пен бұқараның арасындағы саяси пікірсайыс алаңын тудырып отырған ықпалды аралық топтар саналады.

Қазақстандық БАҚ-тағы саяси публицистика, қоғамдық өмірдегі саяси насихат, бұқара көпшіліктің саяси мінез-құлқын айқындауда бұқаралық коммуникация арналарының рөлі ерекше. Саяси коммуникацияның ең маңызды формаларының бірі – БАҚ арқылы жүзеге асуы. Сондықтан БАҚ-тағы саяси публицистика билік пен бұқара арасындағы ақпаратты таратушы, реттеуші, бағдарлаушы құрал ретінде ерекше маңызды саналады.

Қазақстанның саяси құрылысының ерекшеліктерін ескере отырып, Еуразия елдерінің саяси коммуникациясының теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздерін зерттеу осы аймақтың одан әрі дамуын жобалау мен болжауда маңызды болып отыр. Қазақстанның саяси жүйесіндегі коммуникациялық стратегияның жүзеге асуы мен перспективасын айқындауға арналған зерттеулердің нәтижелері Қазақстан мен Еуразия елдері арасындағы саяси қарым-қатынастарының коммуникациялық тәсілдерінің дамуы үшін де аса үлкен мәнге ие. Қазақстанның саяси құрылысын ескере от-

ырып, саяси коммуникацияның теориялық-методологиялық және тәжірибелік негіздерін зерттеу осы аймақтың одан әрі дамуын жобалау мен болжауда мәнді мен маңызды саналмақ.

Еуразия елдеріндегі саяси коммуникацияның дамуы бірнеше факторлармен айқындалады. Алдымен, Еуразияда орналасқан мемлекеттердің геосаяси жағынан орналасуы мен саяси және экономикалық ықпалдасуы, шоғырлануы ықпал етіп отыр. Бұл осы аймақтағы тәуелсіз республикалардың мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізуі мен ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінде ұқсас тенденциялардың байқалуымен де ерекшеленеді. Мәселен, бұрынғы кеңестік одақ елдерінде коммуникация құралдарының техникалық жағынан дамуына байланысты ақпараттық саясат күрделі өзгерістерге ұшырауда. Саяси ақпарат тек техникалық даму деңгейіне ғана емес, саяси идеологиялық сипатына, ақпарат тарату көздеріне де байланысты жүзеге асуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http://akorda.kz/www/www_akorda_kz.nsf/start?OpenForm&lang=kz
2. <http://kisi.kz/site.html?en=2>
3. <http://www.iimp.kz/default.aspx>
4. <http://mki.gov.kz/showarticle.php?lang=kaz&id=2487>
5. http://info.nic.ru/st/25/out_2399.shtml
6. <http://www.nurmediapress.kz/>
7. <http://www.inform.kz/>
8. <http://www.nomad.su/?a=3-200403040020>

Нұрғожина Ш. Ы.,

Баспасөз және интернет журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Әлеуметтік журналистика және қоғамдық диалогтағы ролі

Бүгінгі таңда біздің қоғамда әлеуметтік журналистика туралы сан алуан пікір қалыптасқан. Журналистика дегеніміздің өзі әлеумет де-

УДК 061:378 (075.8)
ББК 66.79я73
Қ 54

Оқу-әдістемелік құрал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің Ғылыми Кеңесімен ұсынылады

Қоғамдық ұйымдардың қызметін жариялаудағы БАҚ-тың ролі:
Оқу-әдістемелік құрал / Ахметова Л.С. және басқалар: Ауд.: Сыдықова Д.О - Алматы. 2011.-116 б.

ISBN 9965-23-311-X

Рецензенттер:

Филология ғылымдарының докторы, доцент - Камзин К.
Философия ғылымдарының докторы, профессор – Қалмырзаев Ә.

Алматы қаласындағы үкіметтік емес ұйымдардың жұмыс тәжірибесі, мемлекеттік құрылымдармен және БАҚ-пен әріптестік қарым-қатынасы, әлеуметтік жауапкершілігі, ҮЕҰ қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы туралы семинарда баяндалған баяндамалар жинағы. Жинақ журналистерге, журналистика факультеті мен кафедраларының студенттеріне арналған.

УДК 061
ББК 66.73

ISBN 9965-23-311-X

© Ахметова Л.С., 2011

Журналистер мен азаматтық қоғам жетекшілері қатысқан семинар баяндамалары, олардың әріптестік қарым-қатынасы мен әлеуметтік жауапкершілігі Алматы қаласының ішкі саясат басқармасының әлеуметтік маңызы зор лоттарының бірі.

Тақырып өзекті ғана емес, сонымен қатар идеологиялық жұмыс жоспарының бірі болып табылады. Қазақстан егемендік алған он тоғыз жылда азаматтық қоғамға ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарына деген қарым-қатынаста өзгерді. Масс-медиа қоғам мен үкіметтің идеясы болса, нақ осы үшінші сектор мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді көтеріп, демократиялық дамудың даңғыл жолына түсуіне бірден-бір себепкер. Сондықтан да, бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған заман мүддесінен шығу үшін қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар, бұқаралық ақпарат құралдары тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі керек. Бұқаралық ақпарат құралдары секілді үшінші секторға да тығыз әріптестік қарым-қатынаста болып, бірлесіп жұмыс істеп, тәжірибе алмасып отыруы қажет. Аталмыш семинарда үкіметтік емес ұйым жетекшілері азаматтық қоғам алдындағы кедергілерді, бірлесіп шешу жолдарын талқылады.

Ең басты міндет мемлекеттегі әлеуметтік мәселелерді бірлесіп шешу!

(Footnotes)

- 1 Құқыққорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар: – Алматы, 2009. – Б. 100
- 2 Қазақстанның мемлекеттік ақпараттық саясаты: болашаққа көзқарас. – Алматы, 2010. – С.299
- 3 Құқыққорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар: келіссөзбен оқыту. – Алматы, 2009. – Б. 100

Мазмұны

Кіріспе	3
Ахметова Л.С Қазақстанның азаматтық қоғамы: кәсіби көзқарас	4
Түменова Б.Н Азаматтық қоғам жайында бірер сөз	9
Сұлтанбаева Г.С БАҚ – мемлекеттік және азаматтық сектор үндесетін алаң ретінде	11
Нұрғожина Ш.Ы Әлеуметтік журналистика және қоғамдық диалогтағы ролі	15
Иманәлиев Қ. Қазақстанның мүгедектер үкіметтік емес ұйымы мен мүгедектер құқығы туралы Конвенция	17
Майкотова Ғ.Т Азаматтық қоғам дегеніміз не?	23
Әпетова Ж.А Қоғамдық ұйымдармен БАҚ-тың қарым-қатынасы	27
Сыдықова Д.О Азаматтық қоғам дамуындағы БАҚ-тың рөлі	29
Дауылбай М. Демократиялық таңдау жастардың көзімен	32
Азанбек Е.Ш Билік пен БАҚ-ның қарым-қатнасы «келісім архитектурасына» негізделуді қажет етеді	33
Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік жауапкершілік	36
Ошанова О.Ж Азаматтық қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы	41